

Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университетінің экономика,  
бизнес және құқық колледжі.

A large, stylized logo consisting of the Cyrillic letters 'Ю' and 'У' in a decorative, calligraphic font. The letters are black and set against a white background. The 'Ю' has a prominent loop on its left side, and the 'У' has a thick, blocky appearance.

**Орындаған:** Фин -21қ тобының студенттері Омарбаева А.А.,  
Бекмаганбетова М.Ж.

**Жобаның көшбасшысы:** Әбікен М.М.

Қарағанды қаласы 2019ж

## *Жоба бойынша серіктестіктер:*

- Бизнес-жоспар компанияның өз күшімен немесе арнайы маманданған мекемелердің көмегімен жасалады: салалық ассоциациялар, консалтингтік компаниялар.

# *Жобаны әзірлеу және жүзеге асыру бойынша қызмет:*

- Жоспар болашаққа іс-әрекетті болжауға мүмкіндік береді. Жоспар қаншалықты жақсы жасалса, соғұрлым жобаны жүзеге асыру кезінде күтпеген жағдайлар аз болады. Бизнеске кез-келген жетістікке жету-ол жақсы жоспардың нәтижесі. Сондықтан қандай да бір іс-әрекетпен айналысуды бастағыңыз келсе, нақты мақсаты бар, сол мақсатқа жету жолдары көрсетілген, әрбір үтір-нүктесіне дейін ойластырылған жоспарыңыз болуы керек. Яғни, егде жастағы адамдардың сұраныстары мен талаптарын ескере отырып, ойын-сауық орталығын құру қажет. Биыл біреу ашылса, келесі жылы тағы да ашу қарастырылған. Бұның негізгі функциясы - орталықтың базасында мәдени, демалыс орнын ұйымдастыру. Сонымен қатар, олардың компьютерлік сауаттылығын, соларға оқыту тағы басқа жағдайлар қарастырылады. Бұл бағдарлама егде жастағы адамдарды өздерінің ұсыныстары бойынша өзгере береді. Яғни, бұл жерде бір қатып қалған қағида жоқ.

# *Жағдайды талдау:*

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев қарияларды қолдау мақсатында «Белсенді өмір сүру» жол картасын әзірледі. Бұл жоба аға буын өкілдеріне көңіл бөліп, қолдау білдіру үшін, олардың өмір сапасын жоғарылата түсуге бағыттталып арнайы әзірленген. Аталмыш жоба егде жастағы тұрғындардың белсенділігін арттырып, олардың өмір сүруге құштарлығын оятпақ.



# *Жобаның идеясы, мақсаты мен міндеттері:*

ЖК «JOY» үлкен жастағы адамдардың жағдайын жақсартып, әрдайым өздерін жас сезініп, өмірге деген көз қарастарын өзгерту. Онда аға буын өкілдері бас қосып, бос уақыттарын тиімді өткізеді, көңілі қалаған іспен айналысады.. Яғни, үйлерінде қол қусырып құр жатпайды. Орталыққа келіп кітап оқиды, шахмат, нарды, теннис, тоғызқұмалақ та ойнайтын болады. Сондай-ақ шағын кинотеатрда өз заманындағы белгілі фильмдерді көре алды. Ал ізденіске жаны құмар жандар үшін компьютерлік курстар жұмыс істейді.





# *Жобаны іске асырудағы ресурстар:*

- Қажетті ақша қаражаты, яғни инвестиция – **3501000**тг
- Өзін-өзі ақтау мерзімі: 3 жыл



# Жобаны іске асыру бойынша іс-әрекеттер жоспары:

- ЖК «JOY» ойын-сауық орталығының оналасу жері:

Н.Абдиров даңғылы 9. Ауданы 177 м2. Себебі ол қаланың орталығында орналасқан. Сондай-ақ барлық автобустар тоқтайды және жанында вокзал бар. Ал бұл жерлерде адамдар ағымы жоғары.



Жобаның ұсынатын қызметтері: шағын кинотеатр, шағын асхана, кішігірім ойын-сауық алаңы, би алаңы. Негізгі құралдар:

№	Негізгі құралдар	Бірлік саны	1бірліктің бағасы,тг	Сомасы,тг
1	Компьютер HP Pavilion 590-p0067ur (4UB25EA)	5	159700	798500
2	Жұмыс үстелі	15	21000	315000
3	Ойын құралдары	17		262500
	Шахмат	5	6500	32500
	Нарды	5	6400	32000
	Тоғызқұмалақ	5	2400	12000
	Стол тенісі	1	53000	53000
	Бильярд	1	133000	133000
4	Орындықтар	50	6000	300000
5	Үлкен теледидарлар	2	400000	800000
<b>Барлығы</b>				<b>2476000</b>

# *Маркетинг стратегиясы:*

<b>Жарнаманың түрі</b>	<b>Оның қолдану аясы</b>	<b>Шығындары</b>
Ғимаратқа жарнаманы ілу	Халық жиналатын жерлерге жарнамаларды ілу	40000
Есіктерге жарнаманы орналастыру	Арнайы жұмыскерлерді жалдау арқылы	20000
<b>Барлығы</b>		<b>60000</b>

# *Ұйым персоналының құрылымы:*

№	Мамандық атауы	Адам саны	Айына,тг
1	Директор	1	100000
2	Көмекшілер	4	200000
3	Еден жуушы	1	45000
3	Ұйымдастырушылар	2	120000
	<b>Барлығы</b>	<b>8</b>	<b>465000</b>

# 5. Жұмыс істеу кестесі

Күндері	Уақыты
Дүйсенбі	9:00-20:00
Сейсенбі	9:00-20:00
Сәрсенбі	9:00-20:00
Бейсенбі	9:00-20:00
Жұма	9:00-20:00
Сенбі	9:00-20:00
Жексенбі	9:00-20:00

# *Кіру ақысы:*

*1 адам-3000тг (күніне)*

*10 адам-30000тг (күніне)*

*Аптасына-210000тг*

*Айына-840000тг*

*1 адам-3000тг (күніне)*

*5 адам-15000тг (күніне)*

*Аптасына-105000тг*

*Айына-420000тг*

# *Күтілетін нәтижелер:*

- Жобаның өзін-өзі ақтай алуы;
- Жасы үлкен адамдардың өмірге деген құлшынысын арттыру;
- Нарықтағы мұндай орталықтарға деген қажеттілікті қанағаттандыру;
- Жоғарғы табысқа ие болу;



# *Жобаның тиімділігі*

- Біздің елімізде, тіпті қаламызда мұндай орталықтардың аздығы. Қарттарымыз көп жағдайда зейнетке шыққаннан кейін үйде отырып қалады. Төрт қабырғаға телміріп қалатын кездері де аз емес. Сондықтан да жасы үлкен адамдардың өздерінің бос уақыттарын тиімді пайдалануларына әртүрлі үйірмелер, бағыттар ұйымдастырылған. Сонымен қатар нарықта мұндай егде адамдарға арналған ойын-сауық орталықтарына деген сұраныс жоғары

# *Жобаның болашағы*

- Біздің қаламызда ғана емес, басқа да аймақтарда дамыту. Сонымен қатар егде адамдардың жаңа сұраныстары мен талаптарына сәйкес ойын-сауық орталықтың ілгері басып, дамуы.



# *Шығындар сметасы және қажетті қаржыландыру:*

<b>№</b>	<b>Шығындар</b>	<b>Айына,тг</b>
1	Еңбекақы	465000
2	Негізгі жабдықтар	2476000
3	Жарнама	60000
4	Аренда	500000
	<b>Барлығы</b>	<b>3501000</b>